

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, МАЛ ДӘРІГЕРЛІГІ

6. Хван М.В., Ананьев О.П., Зуев В.В., Сулейменов Т.Т., Косиченко А.Г. Иммуноферментный анализ (ИФА) в диагностике безноитиоза и анаплазмоза с.-х. животных. - Тр. ин-та КазНИВИ. - 1987. - С. 57-59.
7. Voller A., Hultdt G., Thors C., Engvall E. News serological test for malar antibodies //Br.Meg.J. - 1975.
8. Carlier Y. Wery M. Methodes actualles de diagnost immunologique en parasitologie //Ann.Biol. Clin. -1983. - 41-6. - p. 435-444.

Резюме

Приведена диагностическая ценность трипаносомозного диагностикума, приготовленного с использованием феномена антиидиотипии.

УДК 619:615, 849, 19; 616-001.4.636.2

ІРІНДІ ЖАРАҚАТТЫ ЕМДЕУ БАРЫСЫНДА ФАГОЦИТОЗДЫҢ ҚОРЫТЫЛУ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

А.М.НАМЕТОВ, мал дәрігерлігі ғылымының кандидаты, профессор
(Қазақ ұлттық аграрлық университеті)

Қандай да болмасын инфекция ауру қоздырғыш пен организмнің қорғаныш қабілетінің арасындағы күрделі процесс болып табылады. Қабыну барысындағы кейбір жағдайда организмнің иммунореактивті қабілеттілігінің күйі микробтың уыттылығы дәрежесіне қарағанда маңызды болады деген тұжырым бар.

Организм резистенттілігі (төзімділігі) негізінен нейтрофильдер, граулоциттер және мононуклеарлардың қатысуымен жүзеге асатын фагоцитарлық бөлім жағдайына тығыз байланысты (0492 000 4684).

Осы заңдылықты ескере отырып, біз әр түрлі малдағы хирургиялық ірінді жараны дәстүрлі әдіспен және Т-активинмен емдеудегі фагоцитоздың өзгеру барысын анықтауды мақсат еттік. Тест үшін фагоцитоз туралы аса толық мәлімет беретін және оның сапалық және сандық көрсеткіштерін біріктіретін фагоцитоздың қорытылу сыйымдылығын анықтау әдісі қолданылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ғылыми тәжірибе жүргізу үшін 10 бастан 3 топқа бөлінген 30 қой және 30 бас ірі қара алынды. 1-топтағы

мал жарасының даму барысындағы фагоцитоз динамикасын зерттедік. Зерттеу жұмыстары экспериментальды жарақат түсірілгеннен кейін әрбір 5 сағат аралығында 1; 3; 5; 8; 10; 12; 15; 19; 26 тәуліктерде жүргізілді. 2-топтағы малда да ірінді жараны дәстүрлі әдіспен емдеу барысындағы фагоцитоз динамикасы анықталды, 3-топтағы малда фагоцитоздың өзгеру барысын зерттеу Т-активинді қолдану арқылы жүргізілді. 2- және 3-топтардағы ауру малды зерттеуді (экспериментальды жарақатты түсірген соң 5-тәуліктен кейін) емдеудің 3; 5; 7; 10; 14; 19 тәуліктерінен бастадық.


Емдеу әдісі: жараны тазалау, оған антибиотикті новокаинді ерітінді енгізу, Вишневский майын қолдану. 3-топтағы малға дозасы 5 мкг/кг болатын Т-активинді 5 тәулік бойы тері астына енгізу арқылы қосымша әдіс қолданылды. Емдеу жарақат толық жазылып біткенше жүргізілді.

Бақылау мақсатында 1-топтағы сау, 2- және 3-топтардағы ауру малдан алынған мәліметтер пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері. 1-топтағы малдарда (1-сурет) жарақат түсіргеннен кейін 5 сағат өткен

соң фагоцитоздың қорытылу сыйымдылығының (ФҚС) ірі қара малда 41%, қойда 45% өскені байқалды. Бұдан әрі ФҚС көбейіп, 5-тәулікте оның деңгейі бастапқы көрсеткіштен ірі қарада 130% ($P<0,001$), қойда 189% ($P<0,001$) жоғары болды. Бұл кезеңде малдағы жарақатта клиникалық белгілер арқылы анықталған ірінді үрдіс дамыды.

Бұдан кейін ФҚС көрсеткіші төмендей бастайды да 12-тәулікте оның мәні бастапқы





МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, МАЛ ДӘРІГЕРЛІГІ

көрсеткіштен ірі қарада 76%, қойда 99% жоғары болады. Бұл күндері малда іріңді үдерістің дамуы баяулайды, дегенмен жарада ірің мөлшері азаймайды. 15-26 тәулік аралығында ФҚС көрсеткіші ірі қара мен қойларда төмендей береді де, зерттеудің соңына қарай ол бастапқы көрсеткіштен жоғары болады. Ал, 2-топтағы малда (2-сурет) жарақатты емдеуден кейінгі 3 тәулікте ФҚС көрсеткіші ауру малға қарағанда қойларда 8% төмен, ал ірі қарада 1% жоғары.

Емдеуден кейінгі 5-10 тәулік аралығында ФҚС көрсеткіші қойлар мен ірі қарада 63% және 67% төмендейді. 14-19 тәулікте ФҚС саны пайыздық қатынаста бастапқы көрсеткішпен теңескенмен, сау малда ол жоғары деңгейде болады. 3-топтағы малда (3-сурет) Т-активинді қолдану арқылы емдеуден кейінгі 3-5 тәулікте ФҚС көрсеткішінің пайыздық қатынасы ірі қарада тиісінше 27% және 19%, қойларда 11% және 5% жоғары болып шықты. Зерттеудің 7-тәулігінде ФҚС көрсеткіші ірі қара мен қойларда ауру малдан төмен деңгейде сақталғанмен, бастапқы санға пайыздың қатынас көрсеткіші теңеседі. Кейінгі күндердегі зерттеуде ФҚС көрсеткіші ірі қара малға қарағанда қойда жоғары болды. Ал, ауру малға қатысты оның саны төмендегенмен, сау малмен салыстырғанда бұл көрсеткіштің деңгейі жоғары.

Жараның даму барысында ФҚС жоғары көрсеткіші қой мен ірі қарада жарақат түсіргеннен кейінгі 5 тәулікте байқалады, яғни бұл ірің пайда болу кезеңіне сәйкес келеді. Дегенмен ауру малмен салыстырғанда қойда ірі қараға қарағанда ФҚС көрсеткішінің пайыздық өзгерісі жоғары болады.



Малды дәстүрлі әдіспен емдеу барысында ФҚС көрсеткішінің аздығы емдеудің 3-5 тәулігінде байқалады. Бұл жараның баяу тазалануы мен грануляциялық ұлпа түзілуінің тежелуінің бір себебі болуы мүмкін. Малды Т-активин қолдану арқылы емдегенде жараның жазылуы дәстүрлі әдіспен емдегенге қарғанда тезірек жүреді.

Қорыта айтқанда, фагоцитоздың қорытылу сыйымдылығының көрсеткіші іріңді жараны анықтауда, емдеу әдісін болжау мен таңдауда мейлінше толық ақпарат береді.

Резюме

В статье изложена динамика переваривающей емкости фагоцитоза у крупного рогатого скота и овец с гнойной раной в период развития раневого процесса, лечения традиционным способом и с применением Т-активина. В результате выявлено, что показатель переваривающей емкости фагоцитоза является достаточно информативным в плане диагностики и прогнозирования тактики и метода лечения гнойных ран у животных.